

**"Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 68 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2026 жылғы 24 ақпандағы № 45 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабы 3-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 68 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

15 - тармақ мынадай мазмұндағы 77), 78), 79) тармақшалармен толықтырылсын:

77) денсаулық сақтау саласындағы цифрлық трансформация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

78) ақпараттық қауіпсіздік және цифрлық даму саласындағы уәкілетті органдармен ақпаратты қорғау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды;

79) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асырады."

2. Шығыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы қаулыдан туындайтын шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің денсаулық сақтау мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысының әкімі*

*Н. Сақтағанов*